



Революция жағында

На стороне революции

Бөлімшелерді қалыптастыру

1917 жылы қарашадағы большевиктік революциядан кейін чех және словак соғыс тұтқындары Қызыл гвардия жасақтарына кіре бастады. Алғаш тіркелген дербес



чехословак бөлімшесі 1918 жылы ақпанда Киевті басып алуға қатысқан жаяу әскер жасағы мен бронепойыздың құрамындағы 700–1000 сарбаз болды. Бұл жасақ талқандалып, Украинадан шегінгеннен кейін, 1918 жылғы сәуірде чехословак қызыләскерлеріне жаңа міндет жүктелді — Жұмысшы-шаруа Қызыл армиясының қатарына Чехословак армия корпусының «пролетарлық өзегі» деп аталатын, саны 15 000 адамға дейін жететін тобын тарту. Легион басшылығын сынауға және Социалистік Чехословак Республикасын құруды жариялауға бағытталған үгіт-насихат негізінен соғыс тұтқындары лагерлеріндегі чехтер мен словактарды қызықтырды. Чехословак қызыләскерлерінің саны артқан сайын, 1918 жылы мамырда дербес Чехословак Қызыл армиясын құру жоспары әзірленді.

Чехословак қызыләскер жасағының туы (дереккөз: ВИУ)

Знамя чехословацкого красноармейского отряда (источник: ВИУ)

Формирование подразделений

После большевистской революции в ноябре 1917 года чешские и словацкие военнопленные начали вступать в отряды Красной гвардии. Первым зафиксированным самостоятельным чехословацким подразделением стали 700–1000 солдат пехотного отряда и бронепоезда, участвовавших в захвате Киева в феврале 1918 года. После разгрома этого отряда и отступления с Украины чехословацкие красноармейцы в апреле 1918 года получили новую задачу — привлечь в Рабоче-крестьянскую Красную армию так называемое «пролетарское ядро» Чехословацкого армейского корпуса, численностью до 15 000 человек. Агитация, направленная на критику руководства легиона и провозглашение создания Социалистической Чехословацкой Республики, в основном привлекала чехов и словаков из лагерей для военнопленных. С ростом числа чехословацких красноармейцев в мае 1918 года был разработан план создания собственной Чехословацкой Красной армии.

1918 жылы мамыр айының соңына қарай Пензада (720 адам), Самарада (шамамен 150 адам), Омбыда (1200–1300 адам) және Владивостокта (233 адам) бөлімшелер құрылды. Жалпы алғанда, бүкіл Ресейге тараған 2000-нан астам ер адам туралы сөз болды. Петропавлда бірнеше чех интернационалдық жасақта қызмет етті, легионерлердің естеліктеріне сәйкес, оны чех Йозеф Седлачек басқарған.

К концу мая 1918 года были сформированы подразделения в Пензе (720 человек), Самаре (около 150 человек), Омске (1200–1300 человек) и Владивостоке (233 человека). В целом речь шла о более чем 2000 мужчинах, разбросанных по всей России. В Петропавловске несколько чехов служили в интернациональном отряде, которым, согласно воспоминаниям легионеров, командовал чех Йозеф Седлачек.



Петропавлдағы қызыләскер тұтқындары. Сол жақтан бірінші — болжам бойынша интернационалдық жасақтың командирі, чех Йозеф Седлачек, сол жақтан екінші — 1918 жылы 4 маусымда өлім жазасына кесілуі тиіс болған чех К. Давид.

Пленные красноармейцы в Петропавловске. Первый слева — предположительно командир интернационального отряда чех Йозеф Седлачек, второй слева — чех К. Давид, который также должен был быть казнён 4 июня 1918 года.

Қазақстан аумағындағы чехословак большевиктерінің қызметі

1918 жылы 31 мамырға қараған түні Чехословак армия корпусы Петропавлды (қазіргі Солтүстік Қазақстандағы Петропавл) басып алған кезде, Қызыл армияның интернационалдық жасағы орналасқан казармаларды қолға түсіргеннен кейін бірден, консерві зауыты аумағында тұтқынға алынған венгр қызыләскерлерін жаппай өлтіру оқиғасы болды. Тұтқынға түскен Йозеф Седлачек 1918 жылы 4 маусымда легионерлер тарапынан өлім жазасына кесілді. Онымен бірге аты-жөні толық анықталмаған К. (кейде А.) Давид те өлім жазасына кесілуі тиіс болған. Қаладағы тағы екі белгілі чех-қызыләскер қашып құтылды. Петр Долейши 5 маусымда далада ұсталып, үш күннен кейін чехословак легионының құрамына қосылды, онымен бірге 1920 жылы отанына оралды. Йозеф Кочиш Түменге қашып барып, Қызыл армияда қызметін жалғастырды, содан кейін 1921 жылы Чехословакияға қайтты. Легионерлер көтерілісінің нәтижесінде большевиктік басшылықта ұлттық армияларды құруға деген сенімсіздік күшейіп, 1918 жылы жазда Чехословакия Қызыл армиясын құрудан бас тарту туралы шешім қабылданды. 1918 жылы тамызда Чехословакия коммунистік партиясы өздерінің 5000 мүшесін Қызыл армияның шағын интернационалдық жасақтарына қосылуға шақырды, алайда 1918 жылы қарашада Чехословакия тәуелсіздігін жариялағаннан кейін оларды елге қайтуға шақырды. Кейбіреулері, мысалы Ярослав Гашек, тек 1920 жылғы жаздағы қайталама шақыруға жауап берді, ал кейбірі Кеңестік Ресейде мәңгіге қалды.

Деятельность чехословацких большевиков на территории Казахстана

Когда Чехословацкий армейский корпус в ночь на 31 мая 1918 года занял Петропавловск (ныне Петропавл в Северном Казахстане), сразу после захвата казарм интернационального отряда Красной армии на территории консервного завода произошло массовое убийство красноармейцев-венгров, взятых в плен. Захваченный

Йозеф Седлачек был казнён legionерами 4 июня 1918 года. Вместе с ним должен был быть казнён также неустановленный К. (иногда А.) Давид. Ещё двое известных чехо-красноармейцев из города сумели бежать. Петр Долейши был захвачен 5 июня в степи, а через три дня включён в состав чехословацкого легиона, с которым в 1920 году вернулся на родину. Йозеф Кочиш бежал в Тюмень и продолжил службу в Красной армии, прежде чем в 1921 году вернулся в Чехословакию. В результате восстания legionеров в большевистском руководстве усилилось недоверие к формированию национальных армий, и летом 1918 года было принято решение отказаться от создания Чехословацкой Красной армии. В августе 1918 года Чехословацкая коммунистическая партия призвала всех своих 5000 членов вступать в небольшие интернациональные отряды Красной армии, однако уже в ноябре 1918 года, после провозглашения независимости Чехословакии, они были призваны вернуться домой. Некоторые, такие как Ярослав Гашек, откликнулись лишь на повторный призыв летом 1920 года, а некоторые остались в Советской России навсегда.



Ярослав Гашек

(1883 жылы 30 сәуір – 1923 жылы 3 қаңтар)

Ярослав Гашек — Прагада туған, атақты чех жазушысы және богемалық ортаның жарқын өкілі, күнкөрісін әзіл-сықақ әңгімелер жазумен тапқан. Соғысқа ол 1915 жылы қаңтарда Австро-Венгрия армиясының 91-жаяу әскер полкіне (Ческе-Будеёвице) шақырылды. 1915 жылғы тамызда ерлігі үшін Күміс медальмен марапатталды, алайда қыркүйекте Ресей әскеріне тұтқынға түсіп, Дарница мен Токкое әскери тұтқындар лагерлерінде интернирленді. 1917 жылғы маусымда Чехословак легионына кіріп, 1-тқыштар полкінде писарь болып қызмет етті. Тарнопольден шегіну кезіндегі шайқастарда көрсеткен

ерлігі үшін IV дәрежелі Әулие Георгий орденімен марапатталды. Алайда чехословак бөлімдерін Ресейден Францияға эвакуациялау идеясын ол өте ауыр қабылдады. 1918 жылы ақпан–наурыз айларында Украинадан шегіну кезінде legionнан қашып кетті. 1918 жылы сәуірден бастап Самарадағы чехословак қызыл ротасында үгітші және саяси комиссар қызметін атқарды. Маусым айының басында қала басып алынғаннан кейін маңайдағы ауылдарға қашып барып, дезертир ретінде Қызыл армияға тек 1918 жылы қыркүйекте — үлкен сенімсіздікпен — қайта қабылданды. Кейін 5-армияның үгіт бөлімінде жұмыс істеді. Оның құрамында 1919 жылы тамызда Қазақстандағы Қостанайға келді, ал сол жылдың қазанында Петропавлда революцияның жылдығын атап өтуге қатысты. 1920 жылы Иркутскіге қоныстанып, ол жерден Чехословакияға міндетті түрде қайта қоныс аудару туралы бұйрық алды. Сол жылдың желтоқсанында Прагада келді. 1921 жылы өзінің ең танымал шығармасы — *Батыр солдат Швейктің дүниежүзілік соғыс кезіндегі басынан кешкендері* романын жаза бастады, ол бөліп-бөліп жарияланды. Сондай-ақ Қызыл армиядағы қызметі туралы *Бугульма қаласының коменданты* атты әзіл-сықақ естеліктерін жазды. 1923 жылы 3 қаңтарда Липнице-над-Сазавоу қаласында антисоғыстық шығармасын аяқтай алмай қайтыс болды. Петропавл мен Қостанай қалаларында Ярослав Гашектің аты берілген көшелер бар.

Ярослав Гашек

(30 апреля 1883 – 3 января 1923)

Ярослав Гашек — известный чешский писатель, уроженец Праги и яркий представитель богемной среды, зарабатывавший на жизнь написанием юмористических рассказов. На войну он был призван в январе 1915 года в 91-й пехотный полк австро-венгерской армии в Ческе-Будеёвице. В августе 1915 года был награждён серебряной медалью за храбрость, однако уже в сентябре попал в российский плен и был интернирован в лагерях для военнопленных в Дарнице и Тоцком. В июне 1917 года вступил в Чехословацкий легион, где служил писарем в 1-м стрелковом полку. За отвагу во время боёв при отступлении от Тарнополя был награждён орденом Святого Георгия IV степени. Однако идею эвакуации чехословацких частей из России во Францию он переносил очень тяжело. Во время отступления с Украины в феврале — марте 1918 года дезертировал из легиона. С апреля 1918 года служил агитатором и политическим комиссаром чехословацкой красной роты в Самаре. После захвата города в начале июня бежал в окрестные деревни, и как дезертир был принят обратно в Красную армию лишь в сентябре 1918 года — с большим недоверием. Позже работал в агитационном отделе 5-й армии. В его составе в августе 1919 года оказался в казахстанском Кустанае, а в октябре того же года участвовал в праздновании годовщины революции в Петропавловске. В 1920 году поселился в Иркутске, откуда получил приказ на обязательную реэмиграцию в Чехословакию. В декабре того же года прибыл в Прагу. В 1921 году начал писать своё самое известное произведение — Похождения бравого солдата Швейка во время мировой войны, которое публиковалось по частям. Также написал юмористические воспоминания о службе в Красной армии под названием Командир города Бугульмы. Умер 3 января 1923 года в Липнице-над-Сазавоу, не успев завершить своё антивоенное произведение. Улицы в Петропавле и Костанае носят имя Ярослава Гашека.

Рудольф Маречек

(1888 жылы 28 ақпан — 1970 жылы 20 наурыз)

Қазіргі Қазақстан аумағындағы большевиктік қозғалысқа чехословактардың қатысуының аз белгілі беттерінің бірі — тумысынан чех Рудольф Маречектің тарихы, ол көршілес Қырғызстандағы тарихи рөлімен көбірек танымал. Коммунист-энтузиаст Маречек қазіргі Қырғызстан астанасы Фрунзенің (қазіргі Бішкек) құрылысында шешуші рөл атқарған «Интергельпо» өндірістік кооперативінің негізін қалаушылардың бірі болды. Дегенмен, ол Қазақстан тарихында да айтарлықтай із қалдырды — 1918 жылғы наурызда Верный (қазіргі Алматы) қаласында революциялық партия комитетінің төрағасы болып сайланып, сол кездегі Түркістанның Жетісу облысында большевиктер билігін орнатуда маңызды рөл атқарды. Сонымен қатар ол большевиктік «Заря свободы» газетінің алғашқы редакторы болды. Сол жылы кеңес билігі 1916 жылы патшалық армияға қатыгез мобилизациядан қашып, көршілес Қытайға өтіп кеткен қырғыз және қазақ босқындарына амнистия жариялады. Альпинистік қабілеттерімен танылған Маречекке биіктігі бес мың метрге жететін Тянь-Шань шыңдары арқылы жүздеген қырғыз және қазақ отбасыларын отанына қайтару сияқты күрделі міндет жүктелді. Өмірінің көп бөлігін Маречек Қырғызстанда өткізіп, альпинизмнің дамуына елеулі үлес қосты. 1963 жылы ол Д. А. Қонаевтың шақыруымен Алматыға қоныс аударып, оған пәтер берілді. 1987 жылы оның есімі көшеге беріліп, ескерткіш тақта орнатылып, музей ашылды. Қазақстанда да оның есімімен аталатын тау шыңы бар.



Рудольф Маречек

(28 февраля 1888 — 20 марта 1970)

Ещё одной, менее известной главой участия чехословаков в большевистском движении на территории современного Казахстана является история уроженца Чехии Рудольфа Маречека, который более известен благодаря своей исторической роли в соседнем Кыргызстане. Энтузиаст-коммунист Маречек стоял у истоков промышленного кооператива «Интергельпо», сыгравшего ключевую роль в строительстве современной кыргызской столицы Фрунзе (ныне Бишкек). Тем не менее, он оставил заметный след и в истории Казахстана — уже в марте 1918 года он стал председателем революционного партийного комитета в городе Верный (ныне Алматы) и сыграл важную роль в установлении власти большевиков в Семиреченской области тогдашнего Туркестана. Одновременно он стал первым редактором большевистской газеты «Заря свободы». В том же году советские власти объявили амнистию кыргызским и казахским беженцам, которые в 1916 году сбежали в соседний Китай, спасаясь от жестоких мобилизаций в царскую армию. Маречек, известный своими альпинистскими способностями, получил непростую задачу — вернуть сотни кыргызских и казахских семей на родину через пятитысячные вершины Тянь-Шаня. Большую часть жизни Маречек провёл в Кыргызстане, где внёс значительный вклад в развитие альпинизма. В 1963 году по приглашению Д. А. Кунаева он переехал в Алма-Ату, где ему была предоставлена квартира. В 1987 году его именем была названа улица, установлена мемориальная доска и создан музей. В Казахстане также находится горная вершина, носящая его имя.